

**Тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау жөніндегі  
«Birgemiz: Asyl Mura» жалпыұлттық жобасын іске асыру шеңберіндегі  
ШАҒЫН ГРАНТТАР КОНКУРСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1 Тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау жөніндегі «Birgemiz: Asyl Mura» жалпыұлттық жобасын іске асыру шеңберінде волонтерлік бастамаларды қолдауға арналған шағын гранттар конкурсы туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) Гранттық конкурсты (бұдан әрі – Конкурс) ұйымдастыру және өткізу тәртібін, Гранттарды беру және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Конкурс Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ грантын пайдалана отырып өткізіледі.

1.2 **Конкурс мақсаты** туған өлкенің тарихи-мәдени мұра объектілерінің жай-күйіне мониторинг жүргізуге және/немесе қалпына келтіруге бағытталған волонтерлік бастамаларды және Қазақстан Республикасының мәдени-тарихи мұрасын сақтау және дамыту жөніндегі басқа да **іс-шаралар немесе жобаларды** (бұдан әрі-Жобалар) қолдау болып табылады.

1.3 Гранттық конкурс Қазақстан Республикасының мәдени-тарихи мұрасын сақтау және дамыту саласындағы отыз үздік волонтерлік жобаларды немесе іс-шараларды іріктеуге негізделеді.

1.4 Конкурс Қазақстанның барлық өңірлерін қамтиды.

1.5 Гранттық конкурсқа жеке тұлғалар, бастамашыл топтар немесе (діни бірлестіктерді, сондай-ақ, саяси партиялар нысанындағы қоғамдық бірлестіктерді қоспағанда) волонтерлік коммерциялық емес ұйымдар қатыса алады.

**2. ГРАНТТЫҚ КОНКУРС ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

2.1. Гранттық конкурсқа төмендегілер қатыса алады:

- Жеке тұлғалар – 18 жасқа толған ҚР азаматтары;
- Көшбасшысы 18 жасқа толған ҚР азаматы болып табылатын бастамашыл топтар;
- Салық және өзге де берешегі жоқ, мемлекеттік сатып алу сайтында қызметтерді жосықсыз орындаушылардың тізілімінде тұрмайтын волонтерлік коммерциялық емес ұйымдар.

2.2. Әртүрлі санаттағы өтініш берушілердің, яғни ұйымдар мен жеке тұлғалардың немесе бастамашыл топтардың өзара мүдделер қақтығысы болмауы тиіс. Мысалы, Конкурсқа қатысуға өтінім беретін бастамашыл топтардың көшбасшылары мен жеке тұлғаларының осы гранттық конкурсқа өтінім беретін үкіметтік емес ұйымдардың қызметкерлерімен жақын туыстық байланыстары болмауы тиіс, сондай-ақ, конкурсқа қатысатын ҮЕҰ-ның қызметкерлері, мүшелері немесе қазіргі құрылтайшылары бола алмайды.

2.3. Қатысушылар ұйымдастырушының басшыларымен, құрылтайшыларымен не қызметкерлерімен жақын туыстық қатынаста болмауы керек.

### 3. ГРАНТТЫҚ КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1 Гранттық конкурс шеңберінде волонтерлік ұйымдар конкурстық негізде Қазақстан Республикасының мәдени-тарихи мұрасын сақтау және дамыту жөніндегі іс-шараларды немесе жобаларды іске асыруға **500 000 теңгеге** дейін грант иегері болу мүмкіндігіне ие болады.

3.2 Волонтерлік ұйымдар **2021 жылдың 12 қыркүйегіне дейінгі** мерзімде осы Ереженің талаптарына сәйкес Өтінімдер әзірлеп, оларды PDF форматында электрондық хатпен **міндетті түрде «Асыл-мұра, шағын грантқа өтінім, іс-шараның/жобаның атауы»** деген атаумен [volunteer.kz@gmail.com](mailto:volunteer.kz@gmail.com) мекен-жайына жіберуі керек.

3.3 Грант алушыларды іріктеу **2021 жылдың 19 қыркүйегіне дейін** екі кезеңде өтеді:

**1. Техникалық іріктеу, «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ қызметкерлері 2021 жылдың 12 қыркүйегіне дейін** Өтінімдерді қабылдау кезінде өткізеді:

- Ұсынылған құжаттардың толықтығын анықтау;
- Ұсынылған құжаттардың Гранттық конкурс талаптарына сәйкестігін тексеру.

**2. Сарапшылық іріктеу, 2021 жылы 13-19 қыркүйек аралығында** осы Ереженің 6-бөлімін бағалау өлшемшарттары негізінде *тәуелсіз сараптау комиссиясы\** жүргізеді:

- өтініш берушінің тәжірибесі мен әлеуетін бағалау;
- іс-шараны/Жобаны бағалау.

\* *Сараптама комиссиясы* Тапсырыс берушімен, Грант берушілермен және Грант алушылармен келісім-шарттық қатынасы жоқ Әлеуметтік волонтерлік саласындағы әлеуетті тәуелсіз сарапшылардан құрылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру және ұсынылған өтінімдерді объективті бағалау мақсатында сараптама комиссиясының құрамы жария етілмейді.

3.4 Техникалық іріктеуден өтпеген өтінімдер автоматты түрде қабылданбайды және Сараптау комиссиясының қарауына жіберілмейді.

3.5 Техникалық іріктеуден өткен барлық өтінімдер Сараптау комиссиясының қарауына жіберіледі.

3.6 Бағалау ыңғайлығы үшін әрбір Өтінімге нөмір беріледі.

3.7 Сараптау комиссиясының шешімі хаттама түрінде ресімделеді, оған Комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Сараптау комиссиясының шешімі Сараптау комиссиясы мүшелерінің жауапкершілігі болып табылады, ол шешім түпкілікті сипатта болып, өзгертуге жарамайды.

3.8 Грант алушылардың тізімі **2021 жылдың 21 қыркүйегіне дейін** ашық қолжетімділікте, оның ішінде [Qazvolunteer.kz](http://Qazvolunteer.kz) волонтерлердің бірыңғай платформасында жарияланады.

3.9 Грант алушылардың шартқа қол қоюы 2021 жылдың 15-22 қыркүйегі аралығында жүзеге асырылады.

3.10 Гранттарды бөлу **салық төлемдерімен қоса** екі кезеңде жүзеге асырылады:

- Келісім-шарт жасау кезінде – грант сомасының 70% мөлшеріндегі аванстық төлем;
- 2021 жылдың 14 қазан айына дейінгі мерзімде – грант сомасының 30% мөлшеріндегі қалдық.

3.11 Жоба аяқталғаннан кейін Грант алушы осы Ереженің 5 және 6-Қосымшаларында ұсынылған формалар бойынша қорытынды бағдарламалық есепті және грант қаражатын пайдалану туралы есепті ұсынады.

#### **4. ЖОБАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

4.1. Жобалар туған өлкенің тарихи-мәдени мұра объектілерінің жай-күйіне мониторинг жүргізуге, оларды сақтауға, дамытуға немесе қалпына келтіруге бағытталуы тиіс.

4.2. Ұйым, бастамашыл топ немесе жеке тұлға бір ғана өтінім бере алады.

4.3. Жоба **2021 жылдың 14 қарашасына дейін** іске асырылуы тиіс.

4.4. **Сараптама комиссиясы жобаларды тексеру кезінде тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау жөніндегі "Birgemiz: Asyl Muga" жалпыұлттық жобасын іске асыру шеңберінде қалыптастырылған қоғамдық топтардың қатысуын көздейтін өтінімдер басымдыққа ие болады. Қоғамдық топтар байланыстары волонтерлердің Республикалық фронт-офисінің жедел желісінің нөмірі бойынша хабарласуыңызға болады +7 708 706 4242.**

4.5. Жоба Өтінім формасына (1-қосымша) және аталмыш Ереженің 5-бөлімінде көрсетілген барлық құжаттардың қосымшасына толықтай сәйкес ресімделуі тиіс.

#### **5. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ**

5.1. Өтінімде келесідей құжаттар қамтылуы тиіс:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес форма бойынша конкурсқа қатысу өтініші;
- 2) 2-қосымшаға сәйкес форма бойынша өтініш беруші туралы мәліметтер;
- 3) 3-қосымшаға сәйкес форма бойынша ұсынылатын әлеуметтік Жобаның мазмұны;
- 4) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің/анықтаманың сканерленген нұсқасы, бастамашыл топ басшысының немесе жеке тұлғаның жеке куәлігінің сканерленген нұсқасы;
- 5) банк шотының болуы туралы және міндеттемелердің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешектің жоқ екендігі туралы қолы мен мөрі қойылған банк анықтамасының сканерленген нұсқасы.

Өтінімде Сараптамалық комиссияның шешіміне әсер етуі мүмкін қосымша құжаттар, мысалы, ұсыным хаттар және/немесе қызметкерлердің және/немесе ұйымның сертификаттары және т.б. болуы мүмкін.

#### **6. ЖОБАНЫ/ІС-ШАРАНЫ ІРІКТЕУ ПРОЦЕСІ**

6.1. Техникалық іріктеуден өткен барлық Өтінімдер Сараптау комиссиясының қарауына жіберіледі. Сараптау комиссиясы Жобаларды бағалаудың келесі критерийлеріне сәйкес іріктейтін болады:

	<b>Жобаны бағалау критерийлері</b>	<b>Бағалар үлесі, %</b>
1.	Өткізілетін іс-шараның маңыздылығы	25
2.	Қойылған міндеттерді шешу тиімділігі	20
3.	Жоба мазмұнының ұсынылған Конкурс бағыттарына сәйкестігі	15
4.	Орындау жоспарының нақтылығы мен ұтымдылығы	15
5.	Бюджеттің орындылығы мен негізділігі	15
6.	Өңірдегі қоғамдық топтарды жұмылдыру	10
	<b>Барлығы:</b>	<b>100</b>

6.2. Әрбір бағалау критерийі бес балдық шкала бойынша бағаланады (0-ден 10 балға дейін).

6.3. Жобаларды қарауды Сараптау комиссиясының мүшелері бағалау формасына (4-қосымша) сәйкес дербес жүргізеді. Әрбір бағалау критерийі бойынша комиссия мүшелері Жобаға өз ұпайын қояды.

6.4. Әрбір Жобалық Өтінім бойынша Сараптау комиссиясы мүшесінің қорытынды ұпайы мынадай формула бойынша есептеледі:

*Қорытынды балл = (a\*0,25)+(b\*0,2)+(c\*0,15)+(d\*0,15)+(f\*0,15)+(g\*0,1), мұндағы*

*a – «Өткізілетін іс-шараның маңыздылығы» критерийі бойынша балл;*

*b – «Қойылған міндеттерді шешу тиімділігі» критерийі бойынша балл;*

*c – «Жоба мазмұнының ұсынылған Конкурс бағыттарына сәйкестігі» критерийі бойынша балл;*

*d – «Орындау жоспарының нақтылығы мен ұтымдылығы» критерийі бойынша балл;*

*f – «Бюджеттің орындылығы мен негізділігі» критерийі бойынша балл;*

*g – «Өңірдегі қоғамдық топтарды жұмылдыру» критерийі бойынша балл;*

6.2. Жоба бағасының жалпы балы Сараптау комиссиясының барлық мүшелері қойған жалпы ұпайлардың орташа арифметикалық сомасы болып табылады.

6.3. Гранттық конкурстың жеңімпаздары болып ең жоғары ұпай жинаған волонтерлік ұйымдар, бастамашыл топтар және әлеуметтік жеке тұлғалардың жобалары атанады.

6.4. Гранттарды бөлу әлеуметтік Жобаларды іріктеу қорытындылары Хаттамасының негізінде жүзеге асырылатын болады.

## **7. ІСКЕ АСЫРУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ**

7.1 Грант алушы **2021 жылдың 10 қазан айына дейінгі мерзімде** жұмыс тәртібінде келісілген форма бойынша іске асырылып жатқан жобаны таныстыратын ақпаратты, фото және бейнематериалдарды ұсынады.

7.2 Жобаның мониторингі қорытынды бағдарламалық есеп және гранттық қаражатты пайдалану туралы есеп негізінде жүзеге асырылады.

7.3 Грант алушы қорытынды бағдарламалық есеп пен гранттық қаражатты пайдалану туралы есепті осы Ереженің 5 және 6-қосымшаларына сәйкес **2021 жылдың 15-21 қараша аралығындағы есепті кезеңде міндетті түрде шараға қатысқан волонтерлердің тізімі мен байланыстарын қоса ұсынады.**

## 1-ҚОСЫМША

Форма

**Кімге:** «Ұлттық волонтерлік желі»  
ЗТБ

**Кімнен:** \_\_\_\_\_  
(өтінім берушінің толық атауын  
көрсету)

### **Волонтерлік бастамаларды қолдауға арналған шағын грант беру конкурсына қатысуға өтініш**

Осы өтінішпен (*ұйымның толық атауын немесе өтініш берушінің аты-жөнін көрсету*) (бұдан әрі - Өтініш беруші) волонтерлік бастамаларды қолдауға арналған шағын грант беру конкурсына (бұдан әрі-Конкурс) қатысуға ниет білдіреді және мәлімделген жобаны Конкурс шарттарына сәйкес іске асыруға келісім береді.

Өтініш беруші осы өтініштегі және оған қоса берілетін құжаттардағы барлық ақпараттың түпнұсқа екенін, шынайы фактілерге сәйкес келетінін растап, кепілдік береді және өзінің заңдылығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы дұрыс емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік, олардың авторлық және сабақтас құқықтарын сақтауы, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар болуын білдіреді. Өтініш беруші осындай дәйексіз мәліметтерді ұсынғаны үшін толық жауапкершілікті өзіне қабылдайды.

Ұйым басшысының лауазымы, аты-жөні, қолы, мөр – заңды тұлғалар үшін.

АТӘ, қолы – жеке тұлғалар және бастамашыл топтың жетекшісі үшін.

Толтыру күні «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

## ВОЛОНТЕРЛІК ҰЙЫМ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Заңды мәртебесі көрсетілген ұйымның толық атауы	
Заңды тіркелген күні	
Ұйымның заңды мекенжайы (пошта индексі, облыс, елді мекен, көше, үй, кеңсе)	
Ұйымның нақты мекенжайы (пошта индексі, облыс, елді мекен, көше, үй, кеңсе)	
Ұйым байланыстары (байланыс телефондары, электрондық пошта)	
Заңды тұлғаның банктік реквизиттері ( БСН, ЖСК, БСК), сондай-ақ, заңды тұлғаға қызмет көрсетілетін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	
Ұйым басшысының аты-жөні және лауазымының атауы	
Басшының байланыстары (байланыс телефоны, электрондық пошта)	
Ұйым бухгалтерінің аты-жөні	
Бухгалтер байланыстары (байланыс телефоны, электрондық пошта)	
Ұйымның құрылтайшылары туралы мәліметтер (Құрылтайшылардың аты-жөндері/құрылтайшы-ұйымдардың атауы)	

## БАСТАМАШЫЛ ТОП ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Өңір, елді-мекен	
Бастамашыл топ басшысының аты-жөні (АТӨ)	
Туған күні	
Білімі	
Жұмыс орны	
Тұрғылықты мекен-жайы	
Байланыстар (телефон, электронды пошта)	
Банктік реквизиттері (Банк алушы, БСК, IBAN шоты)	
Бастамашыл топтың әрбір қатысушысына: Аты Тегі Әкесінің аты Туған күні Білімі Жұмыс орны Тұрғылықты мекен-жайы Телефон	
Жобаға қатысу мақсаты	

## ЖЕКЕ ТҰЛҒА ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Өңір, елді-мекен	
Аты Тегі Әкесінің аты	
Туған күні	
Білімі	
Жұмыс орны	
Тұрғылықты мекен-жайы	
Байланыстары (телефон, электронды пошта)	
Банктік реквизиттері (Банк алушы, БСК, IBAN шоты)	
Жобаға қатысу мақсаты	

## ҰСЫНЫЛҒАН ЖОБАНЫҢ/ІС-ШАРАНЫҢ МАЗМҰНЫ

1.	<b>Жоба/іс-шара атауы</b>	
2.	<b>Жобаның/іс-шараның қызметімен байланысты туған өлкенің тарихи-мәдени мұра объектісі</b>	
3.	<b>Жобаның/іс-шараның мақсаты</b> <i>Сіздің жобаңыз не үшін қажет? Жоба қандай мәселелерді шешеді?</i>	
4.	<b>Жоба/іс-шара шеңберінде шешілетін міндеттер</b> <i>Мақсатқа жету үшін жоба аясында қандай міндеттер қоясыз?</i>	
5.	<b>Жоба/іс-шара бойынша ұсынылатын қызметтер</b> <i>Жобаны іске асырудың қадамдық алгоритмі. Жобаны/іс-шараны өткізу үшін не істейсіз? Мұны қалай істейсіз?</i>	
6.	<b>Жобаның/іс-шараның әсері мен күтілетін нәтижелер</b> <i>Сіздің Жобаңыз/іс-шараңыз қалай пайдалы бола алады? Жоба аяқталғаннан кейін қандай өзгерістер болады?</i>	
7.	<b>Жұртшылықты ақпараттандыру</b> <i>Адамдар сіздің жобаңыз туралы қалай біледі? Жоба туралы ақпаратты қайда және қалай жариялайсыз?</i>	
8.	<b>Әлеуметтік жобаның/іс-шараның тәуекелдері</b> <i>Жобаның барысы мен нәтижесіне қандай тәуекелдер әсер етуі мүмкін? Сіз олардың ықтималдығын төмендетіп, салдарын азайтуды қалай жоспарлап отырсыз?</i>	
9.	<b>Жобаның/іс-шараның тұрақтылығы</b> <i>Қаржыландыру аяқталғаннан кейін жобаны жалғастыра аласыз ба? Жобаны қалай жалғастыруды жоспарлап отырсыз?</i>	

10.	<b>Жобаны іске асыру жоспары</b>			
	<b>Міндет</b>	<b>Әрекет, іс-шара</b>	<b>Іске асыру кезеңі</b>	<b>Сандық және сапалық нәтижелерге қол жеткізу жоспары</b>

11.	<b>Жоба бюджеті</b>				
	<b>Шығыстар бабы</b>	<b>Өлшем бірлігі</b>	<b>Саны</b>	<b>Құны, теңгемен</b>	<b>Барлығы, теңгемен</b>



ЖОБАНЫ БАҒАЛАУ ФОРМАСЫ

Комиссия мүшесінің аты-жөні:  
Өтінім нөмірі:  
Тарихи-мәдени мұра объектісі:

Бағалау критерийлері	Баға (0-10 балл)	Есептелген ұпайлар (критерийлердің үлес салмағы %-бен) <i>*автоматты түрде есептеледі</i>
1. Өткізілген іс-шараның маңыздылығы		0
2. Қойылған міндеттерді шешудің тиімділігі		0
3. Жоба мазмұнының Конкурстың белгіленген бағыттарына сәйкестігі		0
4. Жобаны іске асыру жоспарының нақтылығы мен тиімділігі		0
5. Бюджеттің орындылығы мен негізділігі		0
6. Өңірдегі қоғамдық топтардың жұмылдырылуы		0
<b>Есептелген ұпайлардың жалпы жиынтығы:</b>		<b>0</b>

Критерийлерге сәйкестікті бағалау шкаласы:

0-10 балл (бүтін сандар)

0 балл: сәйкес келмеуі

1-2 балл: қанағаттанарлық емес сәйкестік

3-4 балл: нашар сәйкестік

5-6 балл: қанағаттанарлық сәйкестік

7-8 балл: жақсы сәйкестік

9-10 балл: тамаша сәйкестік

ӨОРЫТЫНДЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЕСЕП

Грант алушы:  
Жоба/іс-шара объектісі:

1. Жобаны іске асырудың нақты жоспары мен жоспарланған сандық және сапалық нәтижелерге қол жеткізу.

Жоба мақсаты:				
Міндет	Міндеттер аясындағы іс-шаралар (әрекеттер)	Қол жеткізілген нәтижелер	Индикаторлар	
			Жоспар	факт

Қажет болған жағдайда кестеден кейін Жоба бойынша жоспардан ауытқудың негіздемесін сипаттаңыз.

2. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

1. Көрсетілген нысаналы топтардың әлеуметтік жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері
2. Жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған қандай да бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу).
3. Әлеуметтік жобаның тұрақтылығы.

Басшы лауазымы, АТӘ, қолы, мөр – заңды тұлғалар үшін.

АТӘ, қолы – жеке тұлғалар және бастамашыл топтың жетекшілері үшін.

Толтыру күні « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

## Гранттық қаражатты пайдалану туралы есеп

Жобаның атауы  
Грант беру туралы шарттың нөмірі  
Грант алушы

### Ресми қаржы құжаттарымен расталған нақты шығыстар.

	Шығыстар бабы	Өлшем бірлігі	Саны	Құны, теңгемен	Барлығы, теңгемен

Басшы лауазымы, АТӘ, қолы, мөр – заңды тұлғалар үшін.

АТӘ, қолы – жеке тұлғалар және бастамашыл топтың жетекшілері үшін.

Толтыру күні « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Есепке растайтын қаржылық құжаттар (көшірмелері) қоса беріледі.